




Тақырыбы: “Таулар. Таулардың пайда болуы”

Сыныбы: 6





Сабақтың мақсаты:



- а) Білімділігі: таулар және олардың пайда болуы туралы оқушылардың білімдерін жинақтау.
- ә) Тәрбиелілігі: таулардың пайда болуы, үгілу және үгілу түрлері туралы түсінік беру.
- б) Дамытушылығы: карта арқылы іскерлік пен дағды қалыптастыру.

Сабақтың түрі: ашық сабақ

Сабақтың әдісі: түсіндіру, саулнама, сұрақ-жауап.





Сабақтың жүру барысы:

I Ұйымдастыру. Амандасу. Оқушыларды түгелдеу. Жаңа сабаққа әзірлеу.

II Үй тапсырмасын тексеру.

III Жаңа сабақ.







Үй тапсырмасын тексеру

- §19 Жанартаулар ыстық бұлақтар, гейзерлер.
- 1) Сөзжұмбақ “Жанартау,ыстық бұлақтар”
- 2) Логикалық тест





Сөзжұмбақ сұрақтары:

- 1) Жанартаудың мойны?
 - 2) Магманың сыртқа төгілуі?
 - 3) Ыстық бұлақтар?
 - 4) Жер қыртысының жоғарғы қабаты?
 - 5) Жанартаудың төбесін ата?
- 
- 

Логикалық тест

- **Логикалық тест.**
- Жанартау және олардың құрылысы қандай бөліктерден тұрады?
- Жер бетіне шыққанда ұшпа заттарынан айырылған магма қалай аталады?
- Кратер сөзінің мағынасы?
- Камчатка түбегіндегі жанартаулар қандай жанартаулар деп аталады?
- Газ қысымы үлкен болған жағдайда су мен газ мезгіл-мезгіл шапшып атылады. Ол қалай аталады?
- Гейзер сөзінің мағынасы қандай?
- Ұдайы атқылап жататын жанартаулар қалай аталады?
- Жанартау атқылаған кезде қандай процестер болады?
- Жанартау әрекеттерінің маңызы қандай?
- Магма ошағынан жоғарыға қарай өңеші қалай аталады?

III Жаңа сабақ: Таулар. Таулардың пайда болуы.

Таулар жер бетінің маңайындағы
жазықтардан оқшау
көтеріліп жатқан,
қатты тілімденген
биік бөліктері

Тау жоталары
жалғаса
тізіліп жатқан
таулар

Тау торабы бірнеше
тау
жоталары келіп
түйісетін жер

Таулы өлкелер тау
жоталары
шоғырланып
таулы өлкені
құрайды.


Таулардың биіктікке бөлінуі

```
graph TD; A[Таулардың биіктікке бөлінуі] --- B[Аласа таулар деп биіктігі 400м-ден 1000метрге дейінгі таулар]; A --- C[Орташа биік тауларға 1000 метрден 2000 метрге дейінгі таулар жатады.]; A --- D[Биік таулар деп биіктігі 2000 метрлерден асатын тауларды айтамыз];
```

Аласа таулар деп биіктігі 400м-ден
1000метрге дейінгі таулар

Орташа биік тауларға 1000 метрден
2000 метрге дейінгі таулар жатады.

Биік таулар деп биіктігі 2000 метрлерден
асатын тауларды айтамыз



Таулардың пайда болуы

Қатпарлы таулар су түбіне жиналған тау жыныстарының қабаттары орасан зор бүйір қысымының әсерінен қатпарланып, биіктікке көтеріліп тау құраған.

Қатпарлы-жақпарлы таулар көтерілген жерлері жоталарға Ал опырықтар, тауаралық ірі Ойыстарға сәйкес келеді.



Үгілу сыртқы күштердің әсерінен тау жыныстарының өзгеруі

Физикалық үгілу ауа температура сының өзгеруіне байланысты жүреді.

Химиялық үгілу су мен ауаның тау жыныстарымен әрекеттесуінің арқасында жүреді.

Органикалық үгілу әртүрлі ағзалардың қатысуымен өтеді.

Географиялық диктант

- 1) Жер бетінің маңайындағы жазықтардан оқшау көтеріліп жатқан, қатты тілімденген биік бөліктері..... деп аталады.
- 2) Хан Тәңірі шыңының биіктігі
- 3) Аласа таулардың биіктігі.....
- 4) Биік тауларды ата.....
- 5) Сыртқы күштердің әсерінен тау жыныстардың өзгеруі.....
- 6) Тау жоталарының шоғырлануы.....
- 7) Дүние жүзіндегі ең биік тау.....
- 8) Еуропаны Азиядан бөліп тұратын тау.....



Рельефті бақылау

- Дүние жүзіндегі ең биік тау Гималай.
- Тау жоталары шоғырланып тауды құрайды.
- Биік таулардың бірі Мұғалжар.
- Сыртқы күштердің әсерінен тау жыныстардың өзгеруінен жанартаулар пайда болады.
- Қатпарлы таудың бірі-Тянь-Щань.
- Гималай таулары мен Кордильера тауларының биіктігі 5000 мың метр.
- Үгілудің бес түрі бар.
- Алтай тауының биіктігі 2000 метр.
- Еуропа мен Азияны бөліп тұратын тау- Орал.
- Дұрыс жауап —
- Дұрыс емес жауап **Λ**

Кескін картамен жұмыс

- Кескін картаға түсіру.
- 1. Мұғалжар
- 2. Алтай
- 3. Тянь-Шань
- 4. Іле Алатауы

Оқулықпен жұмыс

- Сұрақтар мен тапсырмаларға жауап беру.

“Миға шабуыл”

- 1) Картадан Қазақстандағы биік тауларды көрсет?
- 2) Қазақстанның теңіз деңгейінен ең төмен жатқан, және ең биік нүктелерін картадан көрсет.
- 3) Ескі тауды картадан көрсет.
- 4) Қатпарлы-жақпарлы тауларды картадан көрсет.
- 5) Кавказ тауын картадан көрсет.
- 6) Тянь-Щань тауын картадан көрсет.
- 7) Жас тауларды картадан көрсет.
- 8) Еуропа мен Азияны бөліп тұрған тауды картадан көрсет.

Бекіту: Сауалнамалық сұрақтар

- 1) Таулар пайда болуына қарай неше түрге бөлінеді?
а) 2 ә) 4 б) 5 в) 7 г) 8
- 2) Тау жоталары шоғырлануы?
а) тау ә) тау торабы б) жер бедері в) таулы өлке
- 3) Дүние жүзіндегі ең биік тау?
а) Гималай ә) Альпі б) Тянь-Шань в) Мұғалжар г) Тарбағатай
- 4) Таулар биіктігіне қарай неше түрге бөлінеді?
а) екі ә) төрт б) үш в) бес г) алты
- 5) Аласа таулардың биіктігі қандай болады?
а) 500-1000м ә) 400-800м б) 400-1000м в) 200-800м г) 1000-2000м
- 6) Биік таудың бірін тап
а) Карпат ә) Мұғалжар б) Тянь-Шань в) Орал г) Қырым
- 7) Таулар пайда болуына қарай неше түрге бөлінеді?
а) екі ә) үш б) бес в) жеті г) төрт
- 8) Ескі тауды тап
а) Қырым ә) Мұғалжар б) Орал в) Тянь-Шань г) Кавказ
- 9) Сыртқы күштердің әсерінен тау жыныстардың өзгеруі қалай аталады?
а) жер бедері ә) тау жыныстары б) тау жотасы в) үгілу г) гейзерлер
- 10) Ауа температурасының өзгеруіне байланысты жүретін үгілу түрі:
а) физикалық ә) химиялық б) органикалық в) биологиялық г) химиялық

Сауалнама жауабы

- 1)Ә
- 2)В
- 3)А
- 4)Б
- 5)Б
- 6)Б
- 7)А
- 8)Б
- 9)В
- 10)А

Қорытынды: Оқушыларды бағалау

- Үйге тапсырма беру: Таулар. Таулардың пайда болуы.
- Сұрақтар мен тапсырмаларға жауап беру.